

## Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жай беру туралы

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 53 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 11 наурызда № 5411 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 28-бабы 4-тармағының, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 31-бабының негізінде, Қарабалық ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жай қосымшаға сәйкес берілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарабалық ауданы әкімінің  
міндетін атқарушы

А. Сұлтанов

Әкімдіктің  
2015 жылғы ақпандағы  
№ 53 қаулысына қосымша

## Шарттық негізде кандидаттардың сайлаушылармен кездесулерін өткізу үшін үй-жайлар

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 09.02.2021 № 38 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№ р/с	Елді мекеннің атауы	Кандидаттардың сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар
1.	Қарабалық кенті	"Қарабалық ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Қарабалық аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
2.	Тоғызак ауылы	Тоғызак ауылдық мәдениет үйінің ғимаратында
3.	Белоглинка ауылы	Белоглин ауылдық мәдениет үйінің ғимаратында
4.	Станционное ауылы	Станционный ауылдық мәдениет үйінің ғимаратында
5.	Новотроицкое ауылы	Новотроицк ауылдық мәдениет үйінің ғимаратында
6.	Победа ауылы	Победа ауылдық мәдениет үйінің ғимаратында

7.	Боскөл ауылы	Бозкөл ауылдық мәдениет үйінің ғимаратында
8.	Михайловка ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қарабалық ауданы білім бөлімінің Михайлов жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
9.	Приречное ауылы	Өрнек ауылдық мәдениет үйінің ғимаратында
10.	Лесное ауылы	Есенкөл ауылдық мәдениет үйінің ғимаратында
11.	Славенка ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қарабалық ауданы білім бөлімінің Славян негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
12.	Бөрлі ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қарабалық ауданы білім бөлімінің Бөрлі жалпы білім беретін мектебі" мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
13.	Смирновка ауылы	Смирнов ауылдық мәдениет үйінің ғимаратында

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК